

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

14. Беркман П., Вылегжанин А.Н., Янг О. Применение и толкование Соглашения об усилении международного научного сотрудничества в Арктике // Московский журнал международного права, 2017, С. 6-17. <https://doi.org/10.24833/0869-0049-2017-3-6-17>

15. Лукин А. Л., Ли Ю., Кейдун И. Б. Россия и Китай в Арктике: состояние и перспективы двустороннего сотрудничества // Известия Восточного института, №1(53), 2022, С. 123-131.

ӘОЖ 327

САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЦИФРОВИЗАЦИЯЛАНУЫ: ҚАЗАҚСТАН МҮМКІНДІКТЕРІ

Елмагамбетова Гулбану Меретбаевна

gulbanu.elmaganbetova.95@mail.ru


Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Далелхан Айболат

Қарқынды технологиялық даму және цифрландырумен ерекшеленетін Төртінші өнеркәсіптік революция қазіргі кезде түрлі салаларды қамтып, өз ықпалын тигізуде. Тіпті мемлекеттер арасындағы сауда қатынастарының тәсілдерінің біріне айналып, «сандық сауда» немесе «электронды сауда» түсінігі қалыптасты. Тауармен қатар, қызметтердің цифрлық саудасы әлемдік экономиканың ең серпінді секторларының бірі. Әсіресе, Covid-19 пандемиясынан кейін әлем бойынша электронды сауда мен қызмет түрлеріне сұраныстың артқандығы белгілі. Сандық сауда (digital trade) ұғымының бекітілген нақты түсінігі болмаса да, интернет-каналдар арқылы сауда қатынастарының жүргізілуі екендігі белгілі. Сауданың бұл формасы тауардың жаңа түрлерін енгізуге, нарық пен тұтынушыларға қол жеткізу процесін жеделдетуге және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Тар ұғымды «интернет-сауда» тұжырымдамасынан айырмашылығы, цифрлық сауда Интернет желісі арқылы тауарлар мен қызметтерді сатуды ғана емес, сонымен қатар электрондық банктік қызметтер, ақпараттық-коммуникациялық және әлеуметтік желілер арқылы өзара әрекеттесуді, сондай-ақ әртүрлі бизнес-модельдердің кең ауқымын қамтиды. Цифрлық сауда процесіне көптеген қатысушылар қатысады: цифрлық сауда платформалары, деректерді сақтаудың бұлтты жүйелері және жиынтық деректер операторлары, көмекші жүйелер операторлары (төлем, логистикалық, қойма және т.б.), тұтынушылар, коммерциялық кәсіпорындар, сондай-ақ мемлекеттік органдар (кеден, сертификаттау, салық және басқа да бақылау-қадағалау органдары)[1].

Қазіргі уақытта әлемде тұтынушылардың дәстүрліден онлайн-бөлшек саудаға, сондай-ақ мобильді қосымшалармен байланыстырылған арнайы мамандандырылған сауда платформаларын қолдануына байланысты тренд байқалады. Жыл өткен сайын электронлы коммерция көлемі артуда (1-сурет). 2014 жылы электрондық коммерцияның бөлшек саудасы 1,336 триллион долларды құрады, ал 2020 жылы олар 4,28 триллион долларға жетті. Бұл сан 2024 жылы 6,388 триллион долларға дейін өседі деп болжануда.



1-сурет. Әлем бойынша электронды сауда көлемі [2]

Демек, алдағы уақытта да сандық сауда маңызы арта береді деген сөз. Жалпы сауданың экономикалық өсімдегі рөлі туралы жыл сайын Швейцарияның Давос қаласында өтетін Әлемдік экономикалық форумның 2024жылғы сессиясы аясында аталып өтті. Дүниежүзілік Сауда Ұйымының Бас Директоры Нгози Оконьо-Ивевала бүгінгі күні сауда мен инвестиция экономикалық өсудің қозғаушы күші деп атап, сауданың еркін ағынынсыз экономиканы қалпына келтіре алмаймыз деген болатын.

Форумға қатысушылар цифрлық сауда, қызмет көрсету, сондай-ақ «жасыл» сауда жаһандық жеткізу тізбегіндегі өсу қарқынына инвестиция салудың айтарлықтай мүмкіндіктері екендігін көрсетті[3].

Технологиялық-инновациялық дамуда алдыңғы қатарлардан орын алатын Қытай цифрлық сауда саласында өзіндік бастамаларымен жетістіктерге жетуде. Қазіргі уақытта Қытай қуатты технологиялық державаға айналуда. Бейжің Қытайдың цифрлық экономикасының өсуін елдегі саяси режимнің заңдылығын нығайтуға көмектесетін болашақ дамудың негізгі факторы ретінде қарастырады. Қытай технологиялық инновацияларды ілгерілетуге бағытталған даму стратегиясын жүргізіп жатқандықтан, жаңа буын ақпараттық технологияларында, әсіресе жасанды интеллектте көшбасшылық үшін ұмтылыс қазіргі жүргізіліп жатқан саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Қытайдың атамлыш саладағы маңызды бастамаларының бірі «Цифрлық Жібек жолын» ұсыну туралы 2017 жылғы мамырда «Белдеу және жол» халықаралық ынтымақтастық форумында жарияланды. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «Бір белдеу-бір жол» бастамасы «XXI ғасырдың Цифрлық Жібек жолы» болуы тиіс екенін атап өтті. Си Цзиньпин сонымен қатар нанотехнология, кванттық есептеу, жасанды интеллект, ақылды қалалар, үлкен деректер технологиялары және бұлтты есептеу сияқты жаңа буын инновациялық технологияларын «Бір белдеу-бір жол» бастамасына одан әрі енгізуге шақырды[4]. 2020 жылғы 17 шілдеде «Орталық Азия – Қытай» Сыртқы істер министрлерінің кездесуі барысында ОА елдерінің өкілдері ЦЖЖ-на қосылуға дайын екендіктерін білдірді. Кадрлар мен бюджет қаражатының жетіспеушілігі өңірлік мемлекеттерге цифрландыруды тек өз күштерімен жүргізуге мүмкіндік бермейді, сондықтан олар дайын қытайлық цифрлық шешімдерді сатып алуға мүдделі. Орталық Азияға 84-ке жуық аяқталған және жоспарланған «Цифрлық Жібек жолы» жобасы тиесілі. Оның 30-ы Қазақстан аумағында жүзеге асырылууда. Еуропа мен Азияның ірі нарықтарын байланыстыратын «Цифрлық Жібек жолы» Қазақстан аумағы арқылы өтетіндіктен магистралды жолдарды дамыту ел экономикасын үшін перспективалы. Жоба аясында атқарылып жатқан шаралар да жоқ емес.

- «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығының (ХШЫО) әлеуетін пайдалана отырып, Қазақстан аумағында трансшекаралық электрондық сауданы дамыту қарқын алуда. 2019 жылғы тауар айналымы 135 млн \$, ал туристер саны 5 миллионды құрады.

- ХШЫО аумағында жүктер мен азаматтардың қозғалысын толық есепке алуға мүмкіндік беретін желілік бақылау жүйесін енгізу. Бұл «бір терезе» қағидаты негізінде логистикалық қызметтердің сапасын арттырады. Мұның бәрі жыл сайын ҚР транзиттік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді және қазақстандық шағын және орта бизнес өнімдерінің Қытайға экспортына ықпал етеді.

- ауылдық елді мекендерде Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікті жүргізу[5].

Қазақстан экономиканы цифрландыру жолында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. 2022 жылы ЖІӨ-нің 3,2%-ға өсу қарқыны байқалып, цифрландыру секторында өсім 12,2%-ды құрады. Электрондық үкіметті дамыту бойынша БҰҰ рейтингінде 28-ші орынды иемдену де жедел цифрландырудың елеулі көрсеткіштерінің бірі. Сондай-ақ, қолма-қол ақшасыз төлемдер саласында жоғары өсім тіркелді, 2022 жылы мәмілелер көлемі 42%-ға ұлғайып, \$227 млрд-қа жетті[6]. Мұндай жетістіктерге ықпал еткен бірегей жобалардың бірі 2018-2022 жылдары аралығында іске асырылған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді перспективада болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасау болып табылады. Түрлі салаларды қамтитын бес басты бағыттан құралған. Бағдарлама аясында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізілді, мәселен, цифрлық технологияларды қолдану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесін 35%-ға арттыру көзделіп, нәтижесінде 175,3%-ға қол жеткізілген. Сондай-ақ екі қала жаһандық «Смарт қалалар» рейтингіне енген, ал үй желілерінің ғаламторға қолжетімділігі 90,6%-ды құрады. Жоғарыда аталған ауыл-аймақтарды ғаламтормен қамтамасыз ету аясында көрсеткіш 1257 бірлікті құрап, Интернет қолданушыларының үлесі 88,2%-ға жеткен[7].

2019 жылы инновациялық өзара іс-қимылды дамыту шеңберінде 25 халықаралық ұйыммен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Бұл шаралар стартаптар мәдениетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және 2019 жылы отандық стартап-жобаларға 18 млрд теңгеден астам қаражат тартуға мүмкіндік берді. Қазақстанның ақпараттық технологиялар нарығында тартылған инвестициялардың жалпы көлемі соңғы 2 жылда шамамен 32,4 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар Қазақстанда электрондық сауда нарығы белсенді өсуде. 2023 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша ол барлық бөлшек сауданың 13%-ын құрады. Салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш 2020-2021 жылдары 3-4% аралығында ғана болған. 2023 жылы 16 қаңтардағы Үкімет отырысында 2030 жылға қарай бұл үлесті 20%-ға дейін арттыру мәселелері талқыланды. Электрондық сауда, мемлекеттің пікірінше, ішкі сұранысты да, тауарлардың халықаралық нарыққа шығуын да ынталандыруы мүмкін.

Алайда, технологияның дамуына қарамастан, цифрлық саудадағы, жалпы цифрландыру процесінде кедергілер сақталуда. Мәселен, Қазақстан экономиканың басым секторларын инновациялық дамытуда әлі де артта қалып отыр, бұл оның бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді. Мысалы, Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) деректеріне сәйкес, Қазақстан «инновациялық мүмкіндіктер» тұрғысынан 87-ші және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының индексіне 74-ші орында. Қазақстанда әлемнің дамыған елдерінің көрсеткішінен цифрлық технологияларды дамытудың артта қалуы есебінен «цифрлық алшақтық» байқалады. ДЭФ бағалауы бойынша әлемнің 25 мемлекеті ғана цифрлық технологиялардың негізі болып

табылатын төртінші индустриялық революцияға дайын. Бұл елдер қазірдің өзінде жаһандық өндірістің қосылған құнының 75%-ын құрайды. Қазақстанға цифрландыру мәселелеріне өзінің тартылуын арттыру және жаһандық өндірістік процестерді дамыту барысында оның экономикасын неғұрлым тартымды ететін бірегей мүмкіндіктерді дамыту өте маңызды. Елдің болашаққа дайындығы өндіріс ауқымы мен құрылымымен, сондай-ақ трансформация процесін жеделдетуге қабілетті күшті қозғаушы күштермен анықталады. ДЭФ деректері бойынша, 2019 жылы Қазақстан Жаһандық киберқауіпсіздік индексі жаңа рейтингінде 4 позицияға көтеріліп, 55-ші орынға шықты. ДЭФ деректеріне сәйкес, бұл елдер байланыстарды қалыптастыратын және индустриялық революцияның бастапқы кезеңдерінде экономиканы жаһандық цифрлық трансформациялау процесінің бағытын белгілеуге мүмкіндік беретін күш-жігерді біріктіреді[8].

Қорыта келе, төртінші инновациялық революция кезеңінде мемлекеттер арасындағы қатынастардың түрлі саласында өзгерістер мен прогресс байқалғандығын аңғарамыз. Әсіресе, сауда қатынастарына жаңашыл технологиялар мен құралдардың енуі оны одан әрі дамыта түсуде. Сақталып тұрған кедергілерге қарамастан әлем елдері жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, өзара сауда-экономикалық қатынастарын тиімді жүргізуге мүдделі. Қазақстан да өзіндік бастамаларымен, жобаларымен экономикалық қана емес, басқа да салаларды цифрландыруда жетістіктерге жетуде. Кей бағыттар бойынша жетекші елдермен салыстырғанда төмен көрсеткіштер көрсетсе де, электронды үкімет, ғаламтормен қамтамасыз ету, электронды сауда сияқты салаларда айтарлықтай оң нәтижеге жеткен. Кей кедергілердің орнын толтырып, инновациялық жобаларды одан әрі дамыту ел экономикасының өсуіне оң әсер берері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Крупенский, Н.А. Цифровая торговля: текущее состояние и перспективы развития в России и странах – членах ЕАЭС / Н.А. Крупенский // Торговая политика. Trade policy. – 2020. – № 1. – С. 15–22.
2. Статистикалық портал <https://www.statista.com/> (жүгінген күні: 18.03.2024).
3. Давос форумы <https://www.weforum.org/agenda/2024/01/davos-2024-day-4-highlights/> (жүгінген күні: 15.03.2024).
4. Президент Си Цзиньпиннің «Белдеу және Жол» форумының ашылуындағы сөзінің толық мәтіні http://www.xinhuanet.com/english/2017-05/14/c_136282982.htm (жүгінген күні: 23.03.2024).
5. «Цифровой Казахстан» и «реализация цифрового Шёлкового пути» - звенья одной цепи: проблемы кибербезопасности, Таирова, Н.Р. URI: <http://dspace.enu.kz/handle/data/17530> (жүгінген күні: 23.03.2024).
6. Цифровой Шелковый путь: Казахстан представил амбициозные планы на форуме ООН <https://dknews.kz/ru/shelkovyy-put/302355-cifrovoy-shelkovyy-put-kazahstan-predstavil> (жүгінген күні: 18.03.2024).
7. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы <https://egov.kz/cms/ru/digital-kazakhstan> (жүгінген күні: 23.03.2024).
8. Карпович О.Г., Карипов Б.Н., Ногмова А.Ш. Развитие цифровой экономики Казахстана. *Проблемы постсоветского пространства*. 2020;7(4):485-494. <https://doi.org/10.24975/2313-8920-2020-7-4-485-494>

ӘОЖ 327.7

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӘЛЕМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ»

Жанұзақ Алтынай Қайратқызы